

"Мүмкіншілігі шектелген балаларға әлеуметтік қызметті үйде көрсету туралы" Ережесін бекіту жөнінде

Күшін жойған

Алматы қаласы Әкімшілігінің 2003 жылғы 17 қарашадағы N 5/684 қаулысы.
Алматы қалалық Әділет басқармасында 2003 жылғы 18 желтоқсанда N 567 тіркелді. Күші жойылды - Алматы қаласы әкімдігінің 2011 жылғы 7 қарашадағы № 4/910 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - Алматы қаласы әкімдігінің 2011.11.07 № 4/910 қаулысымен.

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы N 148-ІІ "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару туралы" Заңының 37-ші бабына сәйкес, Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 11 шілдедегі N 343-ІІ "Мүмкіншілігі шектелген балаларға әлеуметтік және дәрігерлік-педагогикалық түзетушілік қолдау көрсету туралы" Заңын және Қазақстан Республикасының "Халықты әлеуметтік қорғау. Мүмкіншілігі шектелген балаларға әлеуметтік қызметті үйде көрсету. Қызмет көлемі." Мемлекеттік стандартын жүзеге асыру мақсатында, Алматы қаласының Әкімшілігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ** :

1. "Мүмкіншілігі шектелген балаларға әлеуметтік қызметті үйде көрсету туралы" Ережесі бекітілсін (қосымша 1).

2. Алматы қалалық еңбек, жұмыспен қамту және халықты әлеуметтік қорғау Департаменті (А.Ж. Нұрланов):

1) бекітілген Ережеге сәйкес мүмкіншілігі шектелген балаларға арналған әлеуметтік қызмет көрсету бөлімшелері құрылсын (қосымша 2);

2) мүмкіншілігі шектелген балаларды әлеуметтік қорғауға бөлінетін бюджеттік қаражаттың нысаналы пайдалануын қамтамасыз етсін;

3) осы қаулының Алматы қалалық Әділет басқармасында Қазақстан Республикасының заңымен белгіленген тәртіпте тіркеуге алынуын қамтамасыз етсін;

3. Денсаулық сақтау Департаменті (В.Н. Девятко):

1) психолого-дәрігерлік-педагогикалық кеңеске жолдау үшін мүмкіншілігі шектелген балаларды анықтау мақсатында, оларды ерте жасынан тексеруден өтуін қамтамасыз етсін;

2) психофизикалық дамуына ауытқушылықтары бар балаларды дәрігерлік түзетушілік және бейімдеумен қамтамасыз етсін;

4. Білім Департаменті (Г.Е. Есімбаева):

ақыл-ойының даму ерекшеліктерін анықтау, білім түрі мен нысанын және әлеуметтік дәрігерлік-педагогикалық қолдау көрсеткіштерін таңдап алу үшін мүмкіндіктерді белгілеу мақсатында мүмкіншілігі шектелген балаларды түбегейлі де кешенді психолого-дәрігерлік-педагогикалық тексеруін жүргізуді, жекелік бейімдеу бағдарламасын құрастыруды қамтамасыз етсін.

5. Қалалық қаржы басқармасы (Қ.Қ. Тәжібаев) қала бюджетінде халықты әлеуметтік қорғау мақсатында көзделген қаржы шегінде, мүмкіншілігі шектелген балаларға әлеуметтік қызметті үйде көрсету бөлімшелерін күтіп ұстауға бюджеттік қаражат қарастырсын.

6. Осы қаулының орындалуын бақылау Алматы қаласының Әкімі А.Қ. Бижановқа жүктелсін.

Алматы қаласының Әкімі

Әкімшілік хатшысы

Алматы қаласы Әкімшілігінің
2003 жылғы 17 қарашадағы
№ 5/684 қаулысына 1 қосымша

Мүмкіндігі шектеулі балалардың үйлеріне

әлеуметтік қызмет көрсету туралы

ЕРЕЖЕ 1. Жалпы ережелер

1. Мүмкіндігі шектеулі балалардың үйлеріне әлеуметтік қызмет көрсету туралы Ереже (бұдан әрі - Ереже) "Мүмкіндігі шектеулі балаларды әлеуметтік және медициналық-педагогикалық тұрғыдан оңалуын қолдау туралы" Қазақстан Республикасының Заңын жүзеге асыру мақсатында және "Халыққа әлеуметтік көмек көрсету. Мүмкіндігі шектеулі балалардың үйлеріне әлеуметтік қызмет көрсету. Қызмет көлемі" Мемлекеттік стандарттарына сәйкес әзірленді.

2. Осы Ережеде мына терминдер тиісті анықтамалармен пайдаланылады:

1) Халықты әлеуметтік қорғау саласындағы орталық өкілетті орган: Қазақстан Республикасының Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі;

2) Мүмкіндіктері шектеулі балалар: Денесінің кемістігі бар және (немесе) жүйкесі бұзылған, тумасынан, мұрагерлік жолмен берілген аурулар немесе белгіленген тәртіппен айғақталған жарақат салдарынан тіршілігі шектелген 18 жасқа дейінгі балалар;

3) Мүмкіндіктері шектеулі балалардың әлеуметтік және медициналық-педагогикалық оңалуын қолдау: Мүмкіндігі шектеулі балалардың тіршілік шектеулілігін жою, өтеу үшін жағдайды қамтамасыз ететін арнайы әлеуметтік, медициналық және білім қызметтерін көрсететін білім, халықты әлеуметтік қорғау, денсаулық сақтау ұйымдарының қызметі;

4) Әлеуметтік бейімдеу: Әлеуметтік орта жағдайларына мүмкіндігі шектеулі балаларды белсенді бейімдеу;

5) Оңалту: Ағзаларының қызметі қатты бұзылуына орай, денсаулықтың сырқаттануынан туындаған тіршілік шектеулілігін жоюға немесе барынша толық өтеуге бағытталған медициналық, психологиялық, педагогикалық, әлеуметтік-экономикалық шаралар жүйесі;

6) Әлеуметтік қызметкерлер: Тікелей әлеуметтік көмек көрсететін немесе мүмкіндігі шектеулі адамдарға көмекті ұйымдастыратын және мүмкіндігі шектеулі адамдарға әлеуметтік, құқықтық және көмектің өзге түрлерін көрсететін органдар, мекемелер мен ұйымдардың штатында тұрған әлеуметтік жұмыс жөніндегі мамандар;

7) Әлеуметтік тексеру: Дене тәуелсіздігінің, жинақылықтың, үйреншікті қызметпен шұғылдану қабілетінің, қоғамға тартылу қабілеті мен экономикалық дербестіктің шектелуінен туындауы мүмкін әлеуметтік кемшілік деңгейін тиісті жастағы балаларға арналған нормативтерді ескере отырып, анықтау;

8) Әлеуметтік қызмет көрсету: Әлеуметтік қолдау, әлеуметтік-тұрмыстық, әлеуметтік-медициналық, психологиялық-педагогикалық, әлеуметтік-құқықтық қызметтерді және материалдық көмекті көрсету, бөтен адамдардың көмегіне мұқтаж, мүмкіндіктері шектеулі балаларды әлеуметтік бейімдеуді жүргізу бойынша әлеуметтік қызметтер атқаратын жұмыс.

3. Үйлерге әлеуметтік қызмет (бұдан әрі - қызмет көрсету) Психологиялық-медициналық, педагогикалық консультацияның (бұдан әрі - ПМПК) қорытындысы және медициналық-санитарлық сараптама бөлімі бойынша мүгедектер қатарынан мүмкіндігі шектеулі, басқа адамның күтуіне мұқтаж балаларға көрсетіледі.

4. Мүгедектер қатарындағы мүмкіндігі шектеулі, әлеуметтік және медициналық-педагогикалық тұрғыдан жетілу үшін қолдауға мұқтаж балаларға қызмет көрсетуді әлеуметтік көмек бөлімшелері жүзеге асырады (бұдан әрі - әлеуметтік көмек бөлімшесі). Олар Алматы қаласының Еңбек, халықты жұмыспен қамту және әлеуметтік қорғау департаментінің (бұдан әрі - Департамент) еңбек және халықты әлеуметтік қорғау қалалық орталықтарының құрылымдық бөлімшесі, Зейнеткерлерге әлеуметтік қызмет көрсету аумақтық орталығы, Алматы қаласы Әуезов ауданы Зейнеткерлер мен мүгедектерге әлеуметтік қызмет көрсету аумақтық орталығы ретінде құрылады.

Әлеуметтік көмек бөлімшелері жаңадан құрылған аумақтық орталықтарда құрылуы мүмкін.

5. Қызмет аумағы - Алматы қаласы.

6. Әлеуметтік көмек бөлімшесі еңбек және халықты әлеуметтік қорғау аудандық орталықтарының, Аумақтық орталықтардың ғимаратында немесе

;

мүмкіндіктері шектеулі балалардың құқықтары мен мүдделерін қорғау мәселесін шешуге қатысу;

әлеуметтік, құқықтық мәселелер бойынша кеңестік қызметтерді ұйымдастыруға көмектесу.

12. Көрсетілген мақсаттарға жету үшін үйге әлеуметтік көмек көрсету бөлімшесі мынадай қызмет түрлерін жүзеге асырады:

1) денсаулық сақтау, білім органдарымен бірге мүмкіндіктері шектеулі, арнайы әлеуметтік қызметтерді алуға мұқтаж балаларды анықтау және есепке қою ;

2) мүмкіндіктері шектеулі балаларды әлеуметтік зерттеу, олардың мүдделері мен мұқтажын анықтау мақсатында баланың шағын ортасын зерттеу;

3) Психологиялық-медициналық педагогикалық консультацияның (ПМПК) және медициналық-әлеуметтік сараптама (МӘС) мамандары әзірлеген жеке бағдарламаны ескере отырып, көмектің нақты түрлері мен нысандарын анықтау, карта жасау ;

4) оңалту іс-шараларын іске асыру және баланы отбасына бейімдеу мақсатында ата-аналармен жұмыс жүргізу;

5) баланы өз өзіне қызмет көрсету, мінез-құлық, өзін-өзі бақылау мен пікірлесу дағдыларына, сауаттылық пен есеп негіздеріне үйрету;

6) мүмкіндігі шектеулі балалардың ойын-сауығын ұйымдастыру (ойындар, кітап оқу, оларды талқылау, кітапханалық қызметті ұйымдастыру және т.б.);

7) бала мен ата-аналарына психологиялық көмек көрсету;

8) балалардың ата-аналарын сырқат балаларды жалпы бағып-күтудің практикалық дағдыларына, баланың дамуына ықпал ететін әдіс-тәсілдерге үйрету ;

9) жеке және топтық шараларды ұйымдастыру арқылы (семинарлар, тренингтер және т.б.) мүмкіндігі шектеулі балалар ата-аналарымен ағарту-алдын алу жұмыстарын жүргізу ;

10) қажетті арнайы медициналық көмекті алуға және медициналық қызметті ұйымдастыруға, атап айтқанда дәрігерді үйге шақыруға жәрдемдесу, емханаға бірге бару, тосын жағдайларда алғашқы медициналық көмек көрсету;

11) протез-ортопед бұйымдарымен, техникалық және өзге құралдармен қамтамасыз етуге жәрдемдесу ;

12) ерекше білім қызметтерін, оның ішінде тар мамандықтар қызметтерін көрсетуге жәрдемдесу (дефектолог, логопед, психолог, сурдопедагог және т.б.);

13) кеңестік көмекті, оның ішінде мемлекеттік арнайы жәрдемақыны, жәрдемақының өзге түрлерін беру мәселесі бойынша көрсету;

14) қамқоршыны, асыраушыны анықтау, жәрдемақы тағайындау,

мектеп-интернатқа бекіту және өзге көмек түрлері үшін құжаттарды ресімдеуге жәрдемдесу;

15) білім ұйымдарында оқулықтармен және оқу-әдістемелік материалдармен қамсыздандыруға жәрдемдесу;

16) тұрмысы нашар, мүмкіндіктері шектеулі балаларды тәрбиелейтін отбасыларға атаулы әлеуметтік көмек алуға қайырымдылық қорлар, демеушілер, өзге көздер қаражаты есебінен ізгіліктік көмекті бөлуге құжаттарды ресімдеуге жәрдемдесу;

17) Қызыл жарты ай қоғамы комитеттерімен және өзге халықаралық қоғамдық ұйымдармен оларды мүмкіндіктері шектеулі балаларды тәрбиелейтін отбасыларға жәрдем көрсетуге тарту мақсатында байланыс орнату.

3. Әлеуметтік көмек көрсету бөлімшесінің құқықтары

13. Әлеуметтік көмек бөлімшесінің құқықтары:

1) Баланың денсаулық жағдайына, қозғалу белсенділігіне байланысты әлеуметтік көмек бөлімшесі көрсететін қызмет көлемін белгілеу және әлеуметтік қызметкер жүктемесін анықтау;

2) ұжымдық педагогикалық оңалтуды дамыту процесін жүргізу үшін күндіз болатын топтарды құру;

3) өкілетті және атқарушы органдар мен ұйымдарда мүмкіндігі шектеулі балалар мен олардың отбасыларының құқықтарын және мүдделерін қорғауға жәрдемдесу;

4) әлеуметтік-педагогикалық жұмыстың міндетін, нысанын, әдісін, жеке және әлеуметтік мәселені шешу тәсілін анықтау;

5) мүмкіндіктері шектеулі балалар және олардың отбасыларының мұқтажына байланысты ақпарат жинау, диагностикалық тексеріс жүргізу;

6) Департаменттің және еңбек және халықты әлеуметтік қорғау аудандық орталықтар, аумақтық орталықтар басшыларының қарауына мүмкіндіктері шектеулі балаларды әлеуметтік қолдау бойынша жұмыстың жай-күйін қарауға ұсыну;

7) әлеуметтік қорғау бойынша арнайы жобалар мен бағдарламаларды әзірлеуге, бекіту мен жүзеге асыруға қатысу;

8) мүмкіндігі шектеулі балаларға және олардың отбасыларына жеке және әлеуметтік мәселелерді шешу туралы өтінішпен қоғамдық ұйымдарға, мемлекеттік мекемелерге ресми сауал жасау;

9) мүмкіндігі шектеулі балаларға материалдық және өзге көмек көрсету мәселесі бойынша меншік нысанына қарамастан, ұйымдар басшыларына қолдау хат жіберу.

4. Әлеуметтік көмек бөлімшесін ұйымдастыру, жұмыс істеу шарттары мен тәртібі

14. Әлеуметтік көмек бөлімшесі қызмет көрсету үшін мүмкіндігі шектеулі 80 және одан артық бала болған кезде құрылады.

Әлеуметтік қызметке мұқтаж, мүмкіндігі шектеулі балалар саны бөлімше құруға мүмкіндік бермеген жағдайда, мүмкіндігі шектеулі баланы күтетін әлеуметтік қызметкер лауазымы жалғызбасты қарттар мен мүгедектердің үйлеріне қызмет көрсететін еңбек және халықты әлеуметтік қорғау аудандық орталықтарының немесе аумақтық орталықтардың штатына енгізіледі.

Мүмкіндігі шектеулі балаларға әлеуметтік көмек жеке немесе топтық, яғни олар күндіз болатын бөлімшелерде болуы мүмкін.

15. Әлеуметтік көмек бөлімшесін Алматы қаласының Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау департаментінің бұйрығымен тағайындалатын бөлім меңгерушісі басқарады.

16. Бөлім меңгерушісі бөлім жұмысын ұйымдастырады және басшылық етеді, бөлімге жүктелген міндеттердің орындалуы және өз міндеттерінің жүзеге асырылғандығы үшін жеке жауапкершілік көтереді.

17. Босалқы бөлім меңгерушісінің лауазымы қызмет көрсету үшін 80 және одан кем емес мүмкіндігі шектеулі бала (мүгедекке) болғанда енгізіледі.

18. Әлеуметтік қызметкерлердің штаттық бірлігінің саны 6 баладан аспайтын көлемде бір әлеуметтік қызметкер есебімен белгіленеді. Жекелеген жағдайда, бала дамуындағы ауытқу мен қозғалыс белсенділігін ескере отырып, әлеуметтік қызметкер жүктемесі 4-5 баланы бағып-күту болуы мүмкін.

Егер отбасыда қызмет көрсетуге мұқтаж екі немесе одан артық бала болса, әрбір бала жеке адам болып есептеледі.

19. 160-тан артық балаға қызмет көрсететін әлеуметтік көмек бөлімшесіне жергілікті бюджет қаражаты есебінен автомобиль бөлінуге тиіс жүргізуші қызметі енгізіледі.

20. Халықты әлеуметтік қорғау саласында Орталық өкілетті органы мамандықтар тізбесін және оған біліктілік талаптарын бекітеді, әлеуметтік жұмыскерлерінің біліктілігін көтеру және қайта даярлықтан өтуін ұйымдастырады.

21. Жұмыс кестесін, қызмет көрсетілетіндер санын, мүмкіндіктері шектеулі балаларды күту бойынша әлеуметтік қызметкер көрсететін қызмет көлемі мен

бару еселігін халықты әлеуметтік қорғау аудандық орталығының немесе аумақтық орталықтың басшысы белгілейді.

Әлеуметтік қызметкердің бір қызмет көрсетілетін баланы күтуі үшін баруы аптасына кемінде 2-3 рет жүргізіледі.

22. Әлеуметтік қызметкер өз жұмысы мен оның нәтижелеріне жүйелі есеп жүргізеді.

Үйге әлеуметтік көмек көрсету бөлімшесінің іс қағаздары мынадай қажетті құжаттаманың болуын қарастырады:

мүмкіндіктері шектеулі баланы әлеуметтік оңалтудың жеке бағдарламасы;
баланың және оның отбасының әлеуметтік паспорты;
мүмкіндіктері шектеулі балалар ата-аналарымен үйге қызмет көрсету туралы шарт;

мүмкіндіктері шектеулі балалар отбасының материалдық-тұрмыстық жағдайын зерттеу актісі;

әлеуметтік жұмыс бойынша маман шараларының күнтізбелік жоспары;
кеңестер журналы;

мүмкіндігі шектеулі балалардың үйлеріне қызмет көрсететін әлеуметтік көмек бөлімшесінің есеп журналы;

үйдегі орындалған жұмыс туралы әлеуметтік қызметкердің есебі;
әлеуметтік қызмет көрсететін бөлімшенің қызметі туралы құрама есеп.

23. Әлеуметтік қызмет көрсетуді ұйымдастыру жұмыс жоспарымен және кестелермен тәртіптеледі.

Әлеуметтік көмек бөлімшелеріндегі іс қағаздары мен жұмыс есебінің жай-күйіне, дұрыс жүргізілуіне бөлім меңгерушісі жауап береді.

24. Бөлім меңгерушілері, әлеуметтік қызметкерлер мен консультанттар жалпы пайдаланылатын қоғамдық көлікте жүру үшін жол билеттерімен немесе оның құны көлеміндегі ақша өтемімен қамтамасыз етіледі.

5. Үйге қызмет көрсетуге қабылдау шарттары

25. Үйге қызмет көрсетуге бөтен адамның күтуі туралы Психологиялық-медициналық-педагогикалық консультация (ПМПК) қорытындысы және медициналық-әлеуметтік сараптама бойынша мұқтаж, мүмкіндігі шектеулі балалар қабылданды.

Мүмкіндігі шектеулі балаларды үйінде қызмет көрсетуге қабылдау аумақтық орталық директорының, еңбек, жұмыспен қамту және халықты әлеуметтік қорғау аудандық орталығы бастығының шешімі бойынша қабылданады.

Балалардың үйлеріне қызмет көрсетуге қабылдау үшін мына құжаттар негіздеме болып табылады: ата-аналар өтініші, басқа адамның күту қажеттігі

туралы ПМПК қорытындысы, медициналық карта, медициналық-әлеуметтік сараптама бөлімінің анықтамасы (МӘС) (мүгедектігі болған жағдайда), материалдық-тұрмыстық жағдайын зерттеу актісі.

26. Үйге қызмет көрсетуге қабылдауға болмайтын жайттар: жұқпалы, тері, карантиндік аурулар, бактерияны алып жүру, туберкулездің белсенді түрі, арнайы денсаулық мекемелерінде емдеуді талап ететін өзге өте асқынған аурулар

27. Қызмет көрсетуден алу ата-аналардың жеке өтініші бойынша немесе бала үй-интернатқа бекітілгенде және өзге себептер бойынша жүргізіледі.

28. Мүмкіндігі шектеулі балаларға қызмет көрсету психологиялық-медициналық педагогикалық консультация мамандарының қатысуымен әзірленетін жеке бағдарлама бойынша жүргізіледі.

29. Мүмкіндігі шектеулі балаларды күтетін әлеуметтік қызметкер көрсететін қызметтер әлеуметтік көмек көрсететін бөлімше мен балалардың ата-аналары арасындағы шарт негізінде тегін көрсетіледі.

Шарт 2 дана болып жасалады, оның бір данасы ата-аналарға беріледі, екінші данасы әлеуметтік көмек көрсету бөлімшесінде қалады.

30. Әлеуметтік қызметкерлер флюорографиялық тексеру мәліметтері, дерматолог пен терапевт қорытындысының мәліметтерін тапсырып, медициналық тексерістен өтеді. Әлеуметтік қызметкерлер медициналық тексеріс мерзімділігі балалар ұжымдары мекемелерінде жұмыс істейтін қызметкерлер үшін белгіленген тәртіппен өтеді.

6.Ата-аналардың (олардың орнын басқан адамдардың) құқықтары мен міндеттері

31. Ата-аналардың баланың мұқтажы мен қажеттігін анықтауға қатысуға және әлеуметтік оңалтудың жеке бағдарламасын жүзеге асыруға, жасалған шарт шегінде көрсетілетін әлеуметтік қызмет көлемі мен сапасын бақылауға құқығы бар.

32. Ата-аналар жеке оңалту бағдарламасында жоспарланған шараларды орындауға баланы тәрбиелеу, дамыту және әлеуметтік бейімдеу процесін жүзеге асыру үшін тұрмыстық, санитарлық-гигиеналық жағдайлар жасауға міндетті.

7. Әлеуметтік көмек көрсету бөлімін қаржыландыру

33. Әлеуметтік көмек көрсету бөлімін қаржыландыру Қазақстан Республикасының қолданыстарындағы заңдарымен белгіленген тәртіппен жүргізіледі.

Әкімшілік хатшысы

Алматы қаласы

Әкімшілігінің

2003

жылғы

17

қарашадағы

№ 5/684 қаулысына 2 қосымша

	Аталуы	2003 ж.	2004 ж.	2005 ж.	Барлығы
	Бөлімше саны	6	4	3	13
1.	Бөлімше меңгерушілері	6	4	3	13
2.	Әлеуметтік жұмыс жөніндегі кеңесші	6	4	3	13
3.	Әлеуметтік жұмыс жөніндегі маман	50	96	77	223

Әкімшілік хатшысы